

# ЖАСТАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ КЕРЕК

**ҚАЗАҚСТАН ӨЛЕУМЕТТІК ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА**



Таяуда Ақпараттық білім беру орталығындағы бас гимараттың оқу залында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаган «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: есім, реформалар, даму» атты Жолдауын талқылау жиыны өтті.

Жиынга АБО директоры Д.Баймұханбетова, ТІ және ЖСД директоры Е.Байқонысов, ТІ және ЖСД бас маманы Г.Орынбекова, «Экономика және қаржы» факультеттің аға төлімгері Ф.Пазылов, СМ факультеттің т.ғ.к. М.Камбаров, «Техникалық мамандықтарға арналған орыс тілі» кафедрасының оқытушысы М.Кожахметова, студенттік ректор Т.Есжан, Б.Жұмабаева, АБО кітапханашылары А. Үшкыласова, В.Ысқақова, С.Саттықбекова, Г.Булетова және тарыбасқа<sup>1</sup> университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халықта ариналған бүл жолғы Жолдауы бүтінгі әлемдік ахуалдың

күрделі кезеңіндегі еліміздің даму жолын айқындауымен ерекшеленді. Кездесу барысында Жолдауда айтылған өлеуметтік-экономик миқтадағы дамудың жаңа кезеңдері талқыланып, көрсетілген мақсат-міндеттердің езектілігі туралы аталып өтті. Жиынга қатысушылар сөз алғып, көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету, азаматтық белсенді үстанимы бар, жауапкершілігі мол жастарды тәрбиелеу көрктігін, Елбасы қойған міндеттерді қолдан, оны орындау өр азаматтық патриоттық парызы, жауапкершілігі екенін атап өтті. Елбасының Жолдауын жастар арасында кеңінен насиҳаттау, туындару және қолдау мақсатында Ақпараттық білім беру орталығының барлық оқу залдарында талқылау жиындары еткізілді.

**Халида ШАМБУЛОВА,**  
М.Әuezov атындағы ОКМУ-і  
Ақпараттық болім орталығының сектор менгерушісі.